

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бұрынғы Кеңес Одағының Жаңа Тәуелсіз Мемлекеттері ғалымдарымен ынтымақтастықты дамыту Халықаралық Қауымдастығы (INTAS) арасындағы Ғылыми ынтымақтастық туралы келісімнің Қолданысын ұзарту туралы хаттамаға қол қоюға жауапты адамды тағайындау және оның өкілеттіктері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 шілде N 829

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстанда Бұрынғы Кеңес Одағының Жаңа Тәуелсіз Мемлекеттері ғалымдарымен ынтымақтастықты дамыту Халықаралық Қауымдастығы (INTAS) қызметін қолдауды жүзеге асыру жөніндегі жауапты адам ретінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жақсыбек Әбдірахметұлы Құлекеев тағайындалсын.

< * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.19. N 342 қаулысымен

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Серікбек Жүсіпбекұлы Дәукеевке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен INTAS арасындағы Ғылыми ынтымақтастық туралы келісімнің Қолданысын ұзарту туралы хаттамаға қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі